

• **ҮКІМЕТ**

**ҚАЗАҚСТАНДА ЖҚҚДБ
КЕҢСЕЛЕРІН АШУ
ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ
ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ**

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Дүниежүзілік Банк Президенті Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасында ҚР-да кеңселер ашу және олардың қызметі туралы Келісімге қол қойды.

Давостағы (Швейцария) Дүниежүзілік Экономикалық форум аясында Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов пен Дүниежүзілік Банк Президенті Джин Кимнің кездесуі өтті. Кездесу барысында тараптар Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік Банкпен әрі қарай ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады және ҚР Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасында ҚР-да кеңсе ашу және олардың қызметі туралы Келісімге қол қойды (Құрылтай келісімі).

Жаңа Құрылтай келісіміне қол қою Қазақстан мен Дүниежүзілік Банк арасында ынтымақтастықты әрі қарай дамытуға және 2014 жылғы мамырда тұрақты даму мен инклюзивті өсудегі бірлескен күш-жігерді қолдау үшін қол қойылған серіктестік жөніндегі Шектелмелі келісімді толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Дүниежүзілік Банк Тобына 1992 жылы қосылды. Тәуелсіздік алғалы бері Қазақстандағы 45 жобаға Дүниежүзілік банк 7,9 миллиард АҚШ доллары мөлшерінде инвестиция салды. Бүгінде Қазақстандағы Дүниежүзілік Банк бағдарламасы білім беру, денсаулық сақтау, инновациялар, сондай-ақ көліктік инфрақұрылым мен қоршаған ортаны қорғау салаларындағы институционалдық дамуға шоғырланған.

**ТЕҢГЕМЕН САЛЫМ
САЛҒАНДАР ҰТАДЫ**

Төл теңгемізді тұрақтандыруға шаралар жасалуда. Осыған дейін теңгемен банкке салым салғандардың «сан соғып қаламыз ба?» деген ойда жүргені рас еді. Алайда, Ұлттық банк төрағасы халықтың көңіліне үміт ұялатып, теңгеге деген сенімдерін арттыра түскендей болды. Себебі енді төл валютамен салынған депозиттердің жылдық сыйақысы 14 пайызға дейін көтерілетін болды. Ал керісінше доллармен ақша салып, пайдаға кенелгісі келгендер тұтылатын түрі бар. Бұрын оларға жылдық сыйақы ретінде 3 пайыз қосылса, енді ол екі пайызға төмендеді. Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев сонымен қатар теңгенің тағдырына алаңдаудың қажеті жоқ екендігін де жеткізді.

• **ҚОЛДАУ**

**АУЫЛДА ТІГІН
ШЕБЕРХАНАСЫН АШТЫ**

Қазалы ауданының Қожабақы ауылында тігін шеберханасы ашылды. Бұл нысанды кәсіпкер Елібай Аманбай «Парасат» селолық тұтыну кооперативі арқылы ұсынылған Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасының 2,5 млн теңгелік грантын жеңіп алып, іске қосып отыр. Қазіргі таңда қажетті техникалық жабдықтары алынды. Бес адам тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілді.

– Қалауын тапса, қар жанады. Бүгінде кәсіп ашуға, әсіресе ауылдық жерлерде бизнесті дамытуға ден қойылып отыр. Осы мүмкіндікті оңтайлы пайдалануымыз керек, – дейді кәсіпкер.

К.ҚАЙРАҚБАЕВ.



• **ОҚИҒА**

**АДАМ
ӨМІРІН
АЖАЛДАН
АРАШАЛАДЫ**

Өткен сенбі күні Сұлтан Бейбарыс көшесінен өтіп бара жатқан жол-патрульді полиция батальонына көпір үстінен белгісіз бір азаматтың секіріп кеткендігі жөнінде хабарлама келіп түседі. Хабар жеткен бойда жол-патрульді полиция батальонының қызметкерлері Шаттық Жайсаңбаев, Бақытжан Әшірбеков және Нұрлыбек Нұртаев көпірге дереу жетіп, өзеннің ағысымен батысқа қарай айып бара жатқан адамды байқап қалады.

Сын сағатта сабырын жоғалтпаған сақшылар ауа райының қолайсыздығына қарамастан, сыртқы киімдерімен суға түсіп, азаматты құтқарып қалады. Оқиға орнына «Жедел жәрдем» қызметі шақырылып, азамат Қызылорда қалалық ауруханасына жеткізілді. Қазіргі таңда оның жағдайы жақсы деп бағалануда, өміріне ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ. Бүгінде оның бұл қадамға бару себептерін анықтау мақсатында тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Кенжетай
ҚАЙРАҚБАЕВ.



26

ҚАҢТАР
СЕЙСЕНБІ

2016 ЖЫЛ
№12 (19097)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



**ПОЛИЭТИЛЕН ҚҰБЫРЛАРЫНА
СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ**

Германияның «Краус Маффай» құрал-жабдығын пайдаланатын Шиелідегі полиэтиленнен құбыр шығаратын зауыттың түрлі маркадағы өнімдері елімізде зор сұранысқа ие болып отыр. Нарықтық қатынас талабына сай еңбек ұйымдастыра білген кәсіпорын жылдан жылға өндіріске қарқын қосып, жаңа технологияларды кірістіруге.

Аталған өндіріс орны 2011 жылдан бері «Қазақ нефтехимиялық компаниясы» серіктестігінің Қызылорда филиалы ретінде қайта құрылып, түрлі көлемдегі полиэтилен құбырларын шығаруды жалғастыра бастады. Бұл жергілікті өнім өндіруші кәсіпорындармен қатар, жақын маңдағы мекемелерге де тиімді болып тұр.

Кәсіпорын бұған дейін тек тау-кен өндірісіне диаметрі 90x8 мм ұзындығы 11 метр құбырлар өнімін шығарған болса, жан-жақты сұраныстың пайда болуына байланысты өз мүмкіндіктерін қайта қарап, бүгінгі күні диаметрі 195x14,5 мм-лік полиэтилендік пластмасса құбырларын көптеп шығаруды қолға алды. Сондай-ақ, сүзгілік кабелетті ҚДФ 118 құбырларының бірнеше түрін тапсырысқа сай дайындап беретін болса, ауыз су тұтынуына қажетті тауарларды айналымға шығарды. Жуырда құбыр шығаратын зауытта төртінші желі іске қосылды. Бұл – 280 мм 630 мм аралығындағы құбыр шығару қолға алынды деген сөз. Яғни, жұмыс ауқымы арта түскендігін білдіреді.



Уран мен мұнай өндірісіне өте қажетті құбыр шығаратын зауыттың жылдық қуаттылығы – 951192 шаршы метрге жеткізілсе, мүмкіндікті еселеп арттыруға да жол



Оңтүстік Корея, Ресей мемлекеттерінен тасымалданып, жұмыс өнімділігінің негізі берік қаланды.

«НKK Кемикал» ЖШС-ның – «Қазақстан-Қырғызстан-Ресей-Заречная» АҚ Бірлескен кәсіпорны, «РосБурмаш Қазақстан-Ресей» АҚ Бірлескен кәсіпорындарымен қатар «ТТК-Шиелі» ЖШС және де көрші Жанакорған ауданындағы «Байкен У», «Қызылқұм», «Гидро Спец Строй» ЖШС, «Мехколонна – 49» ЖШС, «Djoing Drilling» ЖШС мекемелерінің сұранысын игеріп келе жатқандары кәсіпорынның кенге қанат жайғандығын білдірсе керек.

Мемлекет басшысының «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласынан қуаттанған кәсіпорынның жұмысшы-қызметкерлері өнім көлемін еселеп арттырумен қатар, сапаға барынша ден қойып келеді. Мақсат айқын жерде табыстың да болатындығы сөзсіз.

Нұрмахан Е.ЛТАЙ.
Шиелі ауданы.

• **ЖАҢА КӘСІП**

**НИЕТ БОЛСА,
ШАРУА
ТАБЫЛАДЫ**

Жанакорған ауданының орталығында тұратын жеке кәсіпкер Әсем Шауенова өткен жылдың ортасынан бері төсеніш плиткаларын шығаратын шағын цех ашуға бел буган еді. Негізгі бұл жобаның авторы – оның туған ағасы Жомарт. Сан-салалы шаруашылықтарда еңбек етіп, тәжірибе жинақтаған ол ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібі қатар өркендей бастаған ауданда үй салушылардың мөлаіғандығын, тұрғындардың өз ғимараттарының айналасын сәулетті де әдемі етіп көріктендіргісі келетіндігін көптен бағамдап жүретін-ді. Тәуекел деп белді буган ағайындар осы кәсіппен бұрыннан шұғылданатындардың өнеріне ден қоя жүріп, қажетті құрал-жабдықтарды біртіндеп ала бастады. Такталардың үлгісі де түрліше болуы үшін, қалыптың да сан алуандығына назар аударды. «Ізденген жетер мұратқа» деп қазіргі заманда тауарды өндіріп шығару бар да, оны сауда-

лай білу өнері де қоса жүреді екен, заттарын өткізудің түрлі жолдарын іздестіруге тура келді. Сәттілік серік болған шығар, өндірген өрнекті тас төсеніш – брусчаткалары әуелі Түркістанға қарай жол тартты.

– Ол жаққа бытырп 700 шаршы метр төсеніш жөнелттім. Өзгелері де сұранысқа ие болды. Жалпы шығарған өнімнің көлемі – 4500 шаршы метрге жетті. Мұның үстіне алдын-ала тапсырыс беріп қойған әріптестеріміз де бар, мәселен, «Жанакорған шипажайы», – дейді Жомарт Шауенов бізбен әңгімесінде.

– *Заттарыңыздың өтімділігінің сыры неде?*

– Оның себебі, нарықтық қатынастың қатал талабы. Қазір тұтынушылар алатын затының сапасына да көбірек қарайды. Біз жасап шығаратын құрылыс тауары барынша берік, ұзақ уақыт тұтынуға қарамды және де әдемі. Өйткені, пайдаланатын цементіміз қарапайым құрылысқа пайдаланылып жүрген цемент емес, суға, тұзға төзімді түрі. Сондай-ақ, азға да төзімділігін



арттыратын «С-3» атты арнайы желім қосамыз. Өрпін, бұл шаруалар көбірек уақыт алады, алайда, біз оған ерінбейміз, шығарған затымыздың сапалы болуына баса мән берміз. Міне, осылай! – деп ол шаттана сөйледі. Бейнеті жанған кісіге жарасатын қылық.

Кейіпкеріміздің тағы да қуанышты хабары бар екен, ол жуырда облыстық кәсіпкерлер палатасы аудандық филиалының көмегімен бизнес жоспар жасап, «Қызылорда» қадам инвестициялық орталығына

ұсынды. Нәтижесінде несиеге қол жеткізіп, Ресей мемлекетінен 9,7 млн теңге қаржыға престелген төсеніш плиткаларын шығаратын құрылғы алып орнатты. Жаңа аппарат бір күнде 300-350 шаршы метр өнім шығарады. Сол кезде шағын зауыт 15 адамды жұмыспен қамтитын болады. Аудан әкімдігі кент шетінен арнайы кәсіп иелеріне арналған өндіріс алаңынан Шәуеновтерге жер де берді. Бұл кәсіптің өрісін кеңейтуге жол ашатын түсіністікті қадам ашыпты анық.

Иә, қытымыр қыс айы әлі қоштаса қойған жоқ, алайда күн жылына бастағаннан шағын зауыт та шаруасына кіріседі. Бастысы – жаңа кәсіпке құлшынған жаңа мемлекеттік қолдау арқылы аяғынан тік тұрып кетуге мүмкіндіктің мол екендігі.

Ниеттенсе, әркімнің де өзіндік жолы бар, соны таба білген азаматтарды айтыңыз.

Н.НАЗЫМХАНУЛЫ.
Жанакорған кенті.

• **ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ДИДАРЫ**

СТУДЕНТТЕРІ АЙЛЫҚ АЛАТЫН ОҚУ ОРНЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев жыл сайынғы Жолдауында білім саласына ерекше басымдылық беріп, жастардың білім-біліктілігін жетілдіру үшін барлық жағдай жасауда. «Қазақстан - 2050» Стратегиясында: «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек. Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру. Мықты мемлекет экономикалық жедел өсу жағдайын қамтамасыз ету үшін аса маңызды болмақ» деп, Қазақстанның алдындағы қатарлы жоғары дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру үшін нақты мақсаттар жүзеге шығарылуы. Осы негізде білім мен ғылымды инновациялау, модернизациялау экономикалық дамуының басты бағытына айналды.

Еліміздің дербес даму бағыты айқын-

далып, халықтың тарихқа деген көзқарасы жаңа қырынан жаңғыра бастаған бүгінгі таңдағы негізгі міндеттердің бірі – білім беру-ді жаңа инновациялық жолмен дамыту болып отыр. Техникалық және кәсіптік білімнің бәсекеге лайық ілгерілеп дамуы мемлекет, бизнес құрылымдарының және азаматтардың әлеуметтік жағдайына орасан серпін берері сөзсіз. Дуальды жүйе – маман даярлауда өндіріс, білім алушының және мемлекеттің мүдделерін біріктіруге бағытталған кәсіптік білім берудің түрі. Бұл өндіріс орны үшін экономикалық жағынан тиімді. Маманды қайта даярлауға, жұмыс орнына бейімдеуге уақыт кетпейді. Білім алушы жастар үшін өмірдегі өз орнын ерте табуға мүмкіндік туады, жұмысқа ерте араласып, бейімделеді. Қазіргі кезде әлемде оқытудың дуальды жүйесі – кәсіптік-техникалық кадрлар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі. Оның ерекшелігі сол кәсіптік оқыту үдерісінің ба-сым бөлігі оқу орнында емес, кәсіпорындарда технологиялық, диплом алдындағы тәжірибе-лерден өтеді. Сондықтан еліміздегі өндіріске қажетті мамандар әзірлеу деңгейін көтеру

міндетін әлеуметтік серіктестік, теория мен тәжірибенің үйлесімділігі атқарады. Бұл үйлесімділік дуальды білім беру жүйесінде жан-жақты өрістей алады. Өмірлерде дуальды жүйені енгізу бойынша жұмыстар кәсіп-орындарымен оқу жоспарларын, оқу процесінің кестесін қайта қараумен, кәсіптік білім беру орындарының материалдық-техникалық ба-засын жетілдірумен тығыз байланысты. Со-нымен қатар, мамандықтар тізімін ұлғайтуға, оқытушылардың біліктілігін арттыруға ден қойылуда. Осы орайда Қазалы аграрлық-тех-никалық колледжінде атқарылып жатқан жұмыстар назар аударуға тұрады. Дуаль-ды оқытуда әлеуметтік серіктестіктердің ролі орасан зор. Білім алушыларды арнайы машықтанудан өткізу мақсаттында «Жылу ХХІ» ЖШС және «Оттемір» ЖШС мекемесіне бардық. Алғашқы мекеме басшысының ұйым-дастыруымен студенттерге ақылшы ұстаздар бекітіліп жоспар бойынша жұмыс жасауға кірісті. Сол кезде бұл мекеме спорт кешенін салумен айналысып жатқан. Біздің студент-терге де көп нәрсені үйренуге мол мүмкіндік туды. Яғни, студенттер жылу жүйесіне қа-

жетті жылу батареялар жинаудан бастап, оны қажетті орнына орналастыру және ақылшы ұстаздың көмегі арқылы электрмен және газбен пісіру жұмыстарына араласты. Ал «Оттемір» ЖШС мекемесінде тәжірибелен өтіп жатқан студенттер жылу пештерін жасау-ды үйренді. Мекеме басшысының көмегімен студенттер біршама уақытта өз бетінше жылу пештерін жасауға кірісті. Білім алу-шылар диплом алдындағы технологиялық тәжірибені қайталап сол мекемелерде өтті. Ол кезде мекеме басшылары білім алушыларды белгіленген ақылшы ұстазымен бірге басқа аудандарға іссапарға жіберді. Машықтануға келген білім алушыға 50-60 мың көлемінде айлық алып тұрды. Студенттің жәрдемақы мен мекемеден айлық алып, іссапарда жүргені мамандығына деген қызығушылығы мен ынта-жігерін арттыра түсті. Бұл жағдай басқа білім алушыларға да үлгі болды.

Әділжан ПІРЖАНОВ,
Қазалы аграрлық-техникалық
колледжінің өндірістік оқыту шебері.

